

Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы

Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2021 жылғы 21 қазандағы № 118 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 5 қарашада № 25018 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-9-тармағына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 14-1-бабының 2-тармағына сәйкес, Сәтбаев қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесі осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес анықталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сәтбаев қалалық мәслихатының хатшысы

Т. Хмилярчук

Сәтбаев қалалық
мәслихатының
2021 жылғы 21
қазандағы
№ 118
шешіміне 1 қосымша

Тұрғын үй сертификатының мөлшері

1. Қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1,5 миллион (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

2. Қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1,5 миллион (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

Сәтбаев қалалық мәслихатының
2021 жылғы 21 қазандағы
№ 118 шешіміне
2 қосымша

Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Ұлытау облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 07.06.2023 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№	Атауы
1.	Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар.

2.	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар.
3.	Толық емес отбасылар.
4.	Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 154 бұйрығымен бекітілген Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18445 болып тіркелген) сәйкес қалыптастырылатын еңбек ресурстарының болжамын ескере отырып айқындалатын денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, әлеуметтік қамсыздандыру және ветеринарияның сұранысқа ие мамандары.